



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Шетелдік есептегі көліктер заңдастырылады



Мемлекет шетелдік есептегі көліктерді заңдастыруға мүмкіндік берді. Әкімшілік полиция комитеті дайындаған қаулыға сәйкес, криминалдық, оң жақ рөлді, экокласы төмен автокөліктер бұл жеңілдікке ілінбейді. 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ел аумағына кіргізілген шетелдік автокөліктерді есепке қоюға қатысты өтінімдер мамандандырылған ХҚО-ларда және «Электронды үкімет» порталында қабылданады.

Көлікті заңдастыру үшін иесі мынадай құжаттарды тапсыруға тиіс: форма бойынша өтініш; өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат; транспорт құралының паспорты немесе транспорт құралын тіркеу туралы куәлік; транспорт құралына меншік құқығын растайтын құжат.

Тиісті құжаттар қабылданғаннан кейін көлік тексеруге жіберіледі, тексеріс нәтижесі арнайы базаға тіркеледі. Көлікті заңдастыру туралы өтінім екі жұмыс күні ішінде қарастырылады. Шешім шығарылып, өтінімді қабылдайды немесе заңдастырудан бас тартады. Көлік иесін хабардар ету үшін оның телефонына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі. Хабарлама мәтінінде қабылданған шешім, транспорт құралының бірегей нөмірі, моделі мен маркасы көрсетіледі.

Егер көлік иесі көрсетілген құжат тізбесін толық ұсынбаған жағдайда; ұсынылған құжаттардан түзету белгі-

лері байқалған болса; құжаттар Қазақстан Республикасының сондай құжат туралы заңнама талаптарына сай келмесе; транспорт құралы өзге мемлекеттің құзырлы органындағы бұрынғы тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шешілмесе, онда өтінім қанағаттандырылмайды. Мұндай жағдайда көлік иесі келесі өтінімді қайтадан 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін бере алады. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен кейін ел аумағына кіргізілген көліктер заңдастырылмайды. Ішкі істер органдары қай көліктің Қазақстанға қашан әкелінгенін шекара қызметі мен сақтандыру ұйымдарының деректер базасы арқылы анықтайды.

Көлікті заңдастыруға қатысты оң шешім алғаннан кейін, ЕАЭО құрамына кірмейтін мемлекеттен, мәселен, Грузиядан әкелінген көлікті кеден рәсімінен өткізуге тура келеді. Заңдастыруға жататын көлік үшін бастапқы тіркеу құны – 200 000 теңге. Заңдастырылған автокөлік иелері утиль алымнан босатылады.

Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды төлей отырып, кедендік ресімдеуден өткен автомобильдерді бастапқы тіркеу оларды иеліктен шығару (сату) құқығын 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін шектей отырып жүзеге асырылады. Аталған мерзімнен кейін олар Еуразиялық экономи-

калық одақтың тауары деп танылып, оларға қойылған шектеу алынып тасталады. Қырғыз автомобильдерінің кедендік айырмашылығы төленген жағдайда оларды бастапқы тіркеу иеліктен шығару құқығын шектемей жүзеге асырылады.

Армениядан әкелінген көліктерді де тіркеу оларды қайта сату құқығын шектемей реттелмек. Өйткені 2023 жылдың 1 қаңтарынан кейін олар да ЕАЭО тауары деп есептеледі. Бұл қазіргі уақытта сары нөмір тағып жүрген көліктерге де қатысты.

Егер транспорт құралының паспорты немесе транспорт құралын тіркеу туралы куәлік болмаса, ал транспорт құралы бұрын жол қозғалысына не болмаса ЕАЭО аумағында пайдалануға жіберілмесе және іздеуде болмаса, онда субъектіні мемлекеттік кірістер органының қызметкерлері тексереді. Осы уақытқа дейін не кедендік баж салығын, не өзге де жарналарды төлеместен ел аумағына заңсыз жолмен әкелінген автокөліктерді тіркеуге болады. Ол үшін барлық тиісті сома төленуге тиіс.

Бұл қаулы желтоқсанның ортасына дейін талқыланады. Демек, ресми қаулы жаңа жыл қарсаңында жарияға жолдануы әбден мүмкін. Еске салайық, қаулыға сәйкес шетелдік көліктерді тіркеу 2023 жылдың 1 қаңтары мен 1 шілдесі аралығында жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

Бұған дейін шетелдік көліктерді заңдастыру туралы құжатты Мәжіліс те, Сенат та мақұлдады. Сенат депутаты Ғұмар Дүйсембаевтың айтуынша, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін келген машиналарды заңдастыру үшін бірыңғай алымның белгіленуі 300 мыңға жуық көлікті тіркеуге мүмкіндік береді және жергілікті бюджетке түсетін көлік салығы артады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Президент ЭЫДҰ Бас хатшысы Матиас Корманмен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Францияға жасаған ресми сапары аясында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бас хатшысы Матиас Корманмен кездесті, деп хабарлайды Е Ақордаға сілтеме жасап.

Кездесу барысында Президент Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы табысты ынтымақтастық деңгейіне тоқталды.

«Кеше Президент Макронмен кездесуде біз екіжақты

ЭЫДҰ-ның 42 құқықтық құжатына қол қойған, 37 органының жұмысына қатысады және түрлі салалық құжаттың белсенді мүшесі. Сонымен қатар Қазақстан ЭЫДҰ-ның Еуразия елдерінің бәсекеге қабілетін арттыру, жемқорлықпен күрес және жасыл экономиканы дамыту жөніндегі өңірлік бастамаларына белсенді түрде қолдау берсесті.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Үкіметі мен ЭЫДҰ арасында қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандум аясындағы бірлескен бастамалардың



қарым-қатынасымыздың көптеген аспектісіне қатысты ұстанымдарымызды нақтылап, маңызды құжаттарға қол қойдық. Сонымен қатар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара байланыс Қазақстан үшін әрқашан басым бағыттың бірі болғанын атап өткім келеді. Сіздің ұйымыңызбен байланысымызды сақтауға ниеттіміз. Сондай-ақ еліміздің экономикалық дамуына қатысты ұйымның ұсыныстары мен кеңестері үшін ризашылығымызды білдіреміз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұйыммен ынтымақтастық орнатқалы бері Қазақстан

ауқымын кеңейту ұйыммен ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруда маңызды қадам болады.

Өз кезегінде Матиас Корман Қазақстанның ұйыммен табысты ынтымақтастығын оң бағалайтынын жеткізді.

Кездесу нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қойылды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымның «Құрметті қонақтар кітабына» естелік қолтаңба қалдырды.

2023 жылдың I жарты жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр

«Ернұр-пресс» арқылы:
Жазылымшылар -(индекс 64450) - 2400 теңге
«Қазпошта» арқылы:
-Жеке жазылушылар (индекс 64450)- 2371 теңге 20 тиын
-Мекемелер үшін (индекс 19450) - 3571 теңге 20 тиын
«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы
Жеке жазылушылар үшін -2250 теңге

Қой шаруашылығын дамытудан озат аудан атанды

Түркістан төріндегі “Конгресс Холл” сарайында облыстық «Алтын күз» мерекесі өтті. Аталған жиынға аудан, қала әкімдері мен депутаттар, ауыл шаруашылығы еңбеккерлері мен шаруа қожалықтары қатысты. Мерекелік шарада сөз алған облыс әкімі Дархан Сатыбалды өңірдің еңбеккерлерін төл мерекелерімен құттықтап, жоғары нәтиже көрсеткен аудандар мен еңбек озаттарына арнайы

леді,-деген аймақ басшысы барша аграрлық сала еңбеккерлерін жылдың қорытынды мерекесімен құттықтап, жоғары нәтиже көрсеткен аудандар мен еңбек озаттарына арнайы марапаттарды табыстады.

Жиында Созақ ауданы қой шаруашылығын дамытудан озат аудан номинациясымен марапатталды. Сонымен қатар, Жартытөбе ауылдық округінен “Камила РБР” ЖШС Сапарбаев Рыс-



марапаттарды табыс етті. -Ауыл шаруашылығы-Түркістан облысының негізгі драйверінің бірі. Ауылда өскендіктен бұл саланың ерекшелігін, қиындығын жақсы білемін. Еңбек адамы-елді алға бастайды. Сіздердің еселі еңбектеріңіздің арқасында өңірдің агроөнеркәсіп кешені тұрақты дамып ке-

келді Ұнсарыұлы, Созақ ауылдық округінен “Созақ ЕТ” шаруа қожалығының төрағасы Әлібеков Еркебұлан Амангелдіұлы, Құмкент ауылдық округінен Бижанов Жаслан Бейбітұлы ауыл шаруашылығы саласында өңірге қосқан үлесі үшін облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Зейінді маман зейнет жасына жетті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков өмірдің сан қилы белестерін артқа тастап, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға өзінің үлкен үлесін қосып келген Қанат Сұлтанғазиевті 63 жасқа толған мерейлі мерекесімен құттықтап, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасын және аудан әкімінің құттықтау хаты мен сый сипатын табыс етті.

-Осынау есте қалар сәт, сіз ауданның әлеуметтік экономикалық жағдайын көтеруге белсене атсалыстыңыз. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері жүргізіп отырған саясатын, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын дамытуға өзіндік үлкен үлес қостыңыз. Жас мамандарға қамқоршы, талапшыл, білімді де білікті маман ретінде



қызметтеріңіз үшін зор мақтаныш, ал жас ұрпақ үшін өмір мектебі екендігі даусыз,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, әріптесі, ардагер Әбубәкір Сахиұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, бірқатар бөлім басшылары мен мамандар Қанат Құтжанұлына құрмет қошеметін білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ

Шымкент қаласындағы жеңіл атлетика спорт кешенінде Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оңалбеков Жарылқасын Керімбекұлының жүлдесіне арналған қазақ күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнир басталды. Созақтың тумасы, талай талантты шәкірттердің томағасын сыпырып, тәрбиелеген Жарылқасын Керімбекұлының спортқа сіңірген еңбегі өрен. Бүгінде білгенін өскін ұрпаққа үйретіп отырған, атпал азамат. Халықаралық турнирде Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәттібаев Айбек Берікұлы, Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы, Қырғызстан Республикасының қазақ күресі федерациясының бас бапкері Османалиев Нұрхан Темірқұлұлы, Шымкент қаласының қазақ күресі федерациясының президенті Балтабай Асан Тасболатұлы және қоғам қайраткерлері мен спорт басқармасының жаттықтырушылары, алыс-жақыннан жиылған жанкүйерлер қатысты. Қазақ күресінен ұйымдастырылған халықаралық турнирді Шымкент қаласы

әкімінің орынбасары Айбек Сәттібаев ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ауқымды спорттық шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жарылқасын Керімбекұлына аудан халқы атынан алғыс хат пен сый сипатын, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүріне сай иығына шапан жауып, ыстық ықыласын білдірді.

-Жарылқасын Керімбекұлы 1950 жылы наурыз айының 22 жұлдызында Созақ ауданында дүниеге келген. Кең пейілді азамат өз атамекеніне қазіргі күнге дейін, аз қамтылған отбасыларға көмек қолын созып, демеушілік жасап келуде. Осы орайда сізге аудан тұрғындары атынан үлкен алғысымды білдіремін. Сондай-ақ, спорт саласын дамытуда, педагогика ғылымын ілгерілетуге қосқан үлесіңіз бен еңбегіңізде ұшан теңіз. Бүгінгі ұйымдастырылып жатқан халықаралық турнирдің өзі көпке үлгі болары даусыз. Бүгінгі мерекеде деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Абыройыңыз әрқашан асқақтай берсін. Жарысқа қатысушы спортшыларға тек сәттілік тілеймін деді,- аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы. Сонымен қатар,

бүгінгі халықаралық турнирдің ұйымдастыруына ұйытқы болған Жарылқасын Оңалбек ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру қағидаттарын насихаттау, жастарды ұлттық спорт түрлерімен шұғылдануға тарту арқылы олардың бойында отансүйіштік сезімді қалыптастыру, қазақ күресін өркендету арқылы оны ұлттық идея деңгейіне және халықаралық аренадағы беделін көтеру мақсатында ұйымдастырылғанын айтып өтті.

Ұлттық спортты ұлықтаған додада көршілес Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай Халық Республикасы және еліміздің Астана, Алматы қалалары, Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарынан құралған командалар бақ сынасты. Аталған додада түрлі салмақ дәрежесі бойынша жүлделі орын иелері қомақты сыйлықпен марапатталса, түйе палуан атанған спортшы су жаңа автокөлікті тізгіндеді.

«ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН!» республикалық акциясы жалғасуда

Бабата ауылы М.Маметова атындағы жалпы орта мектебінде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы өткізілді.

Аудандық ПБ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы, полиция майоры А.Мананованың ұйымдастыруымен аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің психологі Ыдырысова Құралай Мұхтарқызы, Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Ерденова Жансая, оқушылармен бірлесіп “Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз” тақырыбында іс-шара өткізді. Іс-шара барысында оқушылар өз ой-пікірлерін білдіре отырып, көптеген мағлұматтар алды.



Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 23–25 қараша күндері Қаратау, Қарақұр, Созақ, Сызған ауылдық округтерінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерінде өткен жиындарға 680 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті

бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәсли-

хат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 28 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй,

байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкестіі жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Бақырлы елді мекенінің Абай көшесінің асфальт жабындысын толық төсеу үшін 2023 жылға жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуді ұйымдастыру	Наурыз 2023 жыл	Н.Құдайбергенов О.Ермахан
1	Батырбекова көшесіне жүргізіліп жатқан көше жарықтандыру жұмыстарын аяқтауды қамтамасыз етсін	15.12.2022 жыл	Д.Құдайбергенов О.Жәмиев
1	Созақ ауылының мәдениет үйінің ғимаратына 2023 жылы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етсін.	1.03.2023 жыл	Е.Айдарбеков М.Ниязәліұлы, Б.Аяпов
1	Сызған ауылындағы ауруханаға ауыз су кіргізу жұмыстарын толық аяқтауды қамтамасыз етсін.	20.12.2022 жыл	Д.Құдайбергенов Ф.Нышанбаев (келісімі бойынша) X.Нұртан

Қоғамдық кеңесте кезекті тыңдау болып өтті

Таяуда аудан әкімдігінің жаңа, кіші мәжіліс залында қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Кеңесте Шу менен Тасты, Қарақұр менен Қаратау және Сызған ауылдарының әкімдері мен аудандық Құрылыс бөлімінің есебі тыңдалды. Сондай-ақ, аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қ.Мейірмаңова да әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі азық-түлік тауарларының бағаларына байланысты сұрақтар қойылып, жауабы алынды. Кеңесте 15 мүшенің 12 қатысып отырды және әдеттегідей М.Сапаровтың өзі төрағалық етті. Сонымен, алғашқы болып Тасты ауыл әкімдігінің басқарушысы Тәжі Оразалінің (әкімі денсаулығына байланысты сұрапыл кетіпті) есебі тыңдалды. Есебі тыңдалғанда, алдын-ала есепте тыңдалатын баяндамамен танысып, ақпаратқа қанығып алған кеңес мүшелері уақытты озырмай бірден сұрақ-жауапқа көшуді жөн көрді. Содан алғашқы болып есеп берген Тасты ауылы әкімдігінің іс басқарушысына алғашқы сұрақты кеңес мүшесі Талғат Жұмақов қойды. Төрағаның сұрақтарының мазмұны да төмендегіше болды: «Өзіңіз де білесіз, кешегі ұлықтау рәсімінде Мемлекет басшысының басты мән бергені ауылдардың тұрмысын жақсарту, әлеуетін көтеру жайы болды. Осы тұрғыдан алғанда, ауылдың әлеуетін көтеру үшін жұмыссыздықты жойып, тұрғындардың әлеуметтік мәселесін түбегейлі шешу ең басты мәселе. Ендеше, сіздерде қазіргі таңға жұмыссыздардың саны неше және қанша адам атаулы әлеуметтік көмек алады?»

Есеп берушінің жауабы: «Биылдыққа 20 адам тиянақты жұмыспен қамтылды. Ал, 16 тұрғынды қоғамдық жұмысқа тарттық. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың саны 10» болды. Екінші сұрақ: «Мектеп пен аурухана сынды бюджеттік мекемелердің жылыту маусымына дайындығы қалай болды, қатты-сұйық отын мен тамызықтан тартып отырғаны жоқ па?» деген мазмұнда болды. Тек, қысқа да нұсқа сұрақтың жауабы да: «Иә, барлығы тегіс жылыту маусымына дайын, ешбір кемшілік жоқ» деген мазмұндағы қысқа-нұсқа жауап болды. Мұнан әрі іс басқарушының баяндамасына шұқшия қарап отырған кеңес мүшелерінің келілі баяндамадағы ерескел қателіктерге ауды. Алғашқы боп бұл қателіктерді аңғарған кеңес

мүшесі, кеңестің Сыбайлас-жемқорлықтың алдын-алу мақсатында құрылған комиссиясының төрағасы Айдархан Нысанбаев: «Құрметті ауыл әкімдері сіздер мені көшіріңіздер, менің мына баяндамадан байқағаным, сіздер Созақ қоғамының атынан сөйлеуші кеңесті біртүрлі мәнсізбенітін сияқтысыздар ма қалай? Олай дейтінім, баяндама Тасты ауыл әкімдігіне тиесілі болғанымен мұнда Созақ ауылы әкімдігіне қатысты мәліметтер тайға-таңба басқандай көрініп тұр. Демек сіз, іс басқарушы мырза қоғамдық кеңесте есеп беруге өте жеңіл әрі жауапсыз қарағандарыңыз сондай, мына отырған әріптесіміз, Созақ ауылының әкімі Батырхан Аяповтың 9 айлық есептік баяндамасын көшіріп ала салғансыз. Тіпті, осында келерден алдын бір көз жүгіртіп те шықпағансыз, жүгіртсеңіз мына сорақылықты көрер едіңіз» деп өзінің наразылығын білдірді. Ал, келесі болып сөз алған Роллан Әлжанов та: «Тәжі Оразәлі мырза, бағанадан бері баяндамаңызға қарап отырмын. Онда «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасын іске асыру мәселелері туралы. Бағдарламаның екінші бағыты: «жаппай кәсіпкерлікті дамыту» деген мәтін жүр. Айналайынау, шынында да әріптестерім: Айдекең мен Төкең айтпақшы осында келерден алдын неге баяндамаңызға бір қарап алмадыңыз? Айтпағын, сіз сөз етіп отырған бағдарлама бытырғы жылы аяқталып қойған» деп ескертү жасады. Нәтижесінде, кеңес мүшесі Талғат Бейсенбекұлы Тасты ауылы әкімінің есебін тыңдауды кейінге қалдыру жөнінде ұсыныс айтты. Дегенмен, кеңестің төрағасы ауыл әкімінің ауырғаны себепті бүгінгі отырысқа қатыса алмағанын және жылдың соңы болып қалғанын алға тартып: «Бүгінше бұл кісінің есебін қабылдайық, бірақ келесі жылғы 12 айдың есебін жаңа жылдың басына бірінші кезекке қояйық. Әкімі келсін, өзі осында айтылған ескертүлердің бәрине есепке алып, қатесін түзетіп барып, есебін берсін» деді. Сонымен, кеңес мүшелерінен: Талғат Жұмақов, Айдархан Нысанбаев пен Біржан Саржан үшеуі қарсылық білдіріп, қалғандары есебі қабылданысын деп қарар алды.

Әрі қарай Қарақұр ауылының әкімі Ордабек Жәмиевтің есебі



тыңдалды. Мұнда да кеңес мүшелерінің ұйғарымымен нақты келесі жылға атқарылатын жұмыс жоспары ғана тыңдалып, сұрақ-жауапқа көшті. Тағы да сол Талғат Жұмақов дәстүрлі: «Ауылда қанша жұмыссыз бар және неше тұрғыныңыз атаулы әлеуметтік көмек алады?» деген сауалмен бастады. Жәмиев: «Жылдың басынан жұмыссыздың саны 101 адам. Ал, атаулы әлеуметтік көмекті 22 отбасы алады» деп жауап берді.

Айдархан Нысанбаев: «Баяндамаңызда биылғы жылы 4 км жерді құрайтын 3 елді мекеннің көшелеріне құны 28 млн, 390 мың тұратын жарықтандыру жұмыстарын жүргіздік депсіз. Сол қаржы толықтай игеріліп, жарықтандыру толықтай аяқталды ма?» деп сұрады. Баяндамашының да жауабы: «Иә, қаржы толықтай игеріліп, елді мекендер жарықтандырылды. Енді тек, «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесінің ауданымыздағы бөлімшесінің бастығы Фабит Жүсіптің жарықты жағуын гана күтіп отырмыз» деді.

Ал, кеңестің келесі мүшесі Райымбек Жақсыбергеновтің сауалы төмендегіше болды: «Ордеке, сіз енді бұрыннан келе жатқан тәжірибелі әкімдердің бірісіз. Баяндамаңызды қарап отырсам, көркейту-көгалдандыруға пәленбай қаржы бөлініп, игерілді депсіз. Осы ретте айтыңызшы, сіздер де, Қарақұрда арнайы қоқыс төгетін полигон бар ма?— деп сұрап алды. «Жоқ» деген жауабын ала сала: «Көрдіңіз бе, сол пәлен тонна қоқысты сіздер ауылдың көкпар тартып, бәйге шабатын теп-тегіс, таза аймағына апарып төккенсіздер. Әйтпесе, ауылдарыңыздың маңында пайдалы қазбалар үшін қазылып, беті жабылмай жатқан карьерлер көп емес па, сол карьерлерге төгіп, кейін бетін тегістеп жіберуге болмады ма?»

Сосын, тағы сол баяндамашында: «Сондай-ақ, жыл басынан «Central Asia Maining Co» ЖШС-гі Қарақұр ауылындағы тұрмыстық қатты қалдықтар тастайтын орынды тегістеп, құрылысы аяқталмаған ескі мектеп ғимаратының құрылыс қалдықтары мен ірі габаритті қалдықтары шығарылды. Яғни, округ аймағынан 650 тоннаға жуық күл-қоқыстар мен құрылыс қалдықтары шығарылды» депсіз! Осы арада сұрайын дегенім: «сіз сөз етіп отырған компанияның жұмысы тек, қоқыс қалдықтарын шығарып берумен ғана шектелген ба, әлде басқа да бір көрсетіп отырған көмегі бар ма?» деді. Дегенмен, Жәмиевтің жауабынан аталмыш компанияның Қарақұр халқы үшін аса бір маңызды істер атқарып жатпағандығын аңғару қиынға соқпады. Мұны, Роллан Ізбасарұлының: «Жалпы, осындай ауданымыздың байлығын игеріп отырған компаниялардың демейшілігі жаңа жылда немесе Наурыз мерекесінде сыйлық жасаумен ғана шектелмеуі керек қой!» іштей қынжылысы растағандай. Осы арада сөзге тағы да Талғат Жұмақов араласып: «Ордеке, жаңа ғана әріптестерім сізді тәжірибелі мол әкімсіз деп мақтап жатты. Сөйте тұра сіздің баяндамаңызда: Округ бойынша «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс-дәй келе: «2022 жылдың 10 айында округ әкіміне жеке тұлғалардан 5 өтініш келіп түскен, барлығы пайдаланудағы тұрғын үйлерін заңдас-тырып беру туралы. Барлық өтініштер Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының нормалары сақталып, орында қолданыстағы заңдарға сәйкес жауап берілді» депсіз. Ордабек мырза, сіздің бұл заңның ендігі

күшін жойып, орнына ҚР-ның рәсімділік-процестік кодексі, 2021 жылдың 1 шілдесінен күшіне енгенін хабарыңыз жоқ-ау! Сіз мемлекеттік қызметкер емессіз бе, қалайша мұнан хабарыңыз жоқ. Егер, сіздей тәжірибелі мол деп мақтап жүрген әкіміміздің мұнан хабары болмаса, онда басқаларға не айтуға болады. Ұят қой, жігіттер!» деп сөзін аяқтады. Мұнымен де тұрмай, Ордабек Жәмиевтің есебінің қабылдануына қарсы екендігін білдіріп, хаттамаға жазып қоюды талап етті. Дегенмен, кеңес төрағасы мен қалған мүшелердің дауысқа салуымен Қарақұр әкімінің есебі есепке алынсын деген ортақ қарар алынды.

Мұнан әрі тыңдалған Қаратау мен Шу және Сызған ауылдық округтерінің әкімдері мен Құрылыс бөлімінің басшысының баяндамаларында көрсетілген мәліметке сай сұрақтар қойылып жауаптар алынды. Әрине, бұл кісілердің де кемшіліктері айтылды. Дегенмен, алдыңғы екеуі секілді қателіктері бетке ұрып тұрмаған соң, есептері есепке алынды.

Сөз соңында. Жоғарыда кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысына да әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тауарларына байланысты сауалдар жолданып, жауаптар алынғанын айтқан едім ғой, бұл жайында газетіміздің келесі санында сөз етеміз деп шештік. Дегенмен, аудандық газеттің тілшісі, Қоғамдық кеңестің резервте отырған мүшесі және Шолаққорған ауылдық Парасат клубының төрағасы ретінде мынаны айтқым келіп отыр: «Ағайын, шынында жоғарыда есеп беріп, ерескел қатеге бой алдырған әкімдердің ісі сын көтермейді. Айналайынау, мынадай қатеге бой алдырған, көшірілген баяндамалар тоғыз айдан бері, аудан әкімінің, аудандық мәслихат пен тоқсанына бір өтетін халықтың алдындағы кезекті есеп беру жиындарынан өтіп, қоғамдық кеңесте қалай келген? Осылайша кете берсек, Жаңа әрі Әділетті Қазақстанды қайтіп құрамыз? Президент өзінің ұлықтау рәсімінде атап көрсеткен «Ауылдарды дамыту, әлеуетін арттыру мәселесін мынадай жауапсыздықпен қалай арттырамыз? Басқа сөзім жоқ!» Жүгенсіз кеткен жүйеге де тоқтау салатын кез келді ғой, ағайын! Бұлай, Мемлекет, облыс пен аудан басшысының сенімін жоққа шығаруға болмайды ғой!

Данияр БЕК.

КӨК ЖҮЗІНДЕГІ АРПАДЫҚ

Шұбатыла созылған өркеш, өркеш Заңғар тау жотасының осы бір тұстары ерекше биік болып келеді. Әсіресе көкпен таласа шаншылып бой көтерген үш шоқысы әнтек сарайып көрінеді. Тазқара құстың басы тәрізді жалаңаштана жалтыраған құз жартасты биік шоқылар тау тұлғасын асқақ ұстап тұрғандай. Заңғар таудың биік шоқылы осы төңірегін біраз жылдан бері жұптасқан қос қыран мекен етіп келеді. Биік шоқыға ұя салып, балапандарын қауырсынын қатайтып ұшырып жүр. Тау мұзбалақтарына бұл ара жайлы мекен, құтты қонысқа айналған. Биыл да аналық бүркіт ақпан айында қос жұмыртқа салып, сәуірдің орта шенінде балапанын ашып шығарды. Ақ ауыз балапандар күн сайын жетіліп келеді. Үстеріндегі ұлпа ақ мамық біртіндеп қауырсынға айналып жатыр.

Мұндайда тау мұзбалақтары балапандарына жемтікті кезектесіп аулап тасиды. Бірі ұя маңынан ұзамай торып жүрсе, екіншісі жемтік аулап ұзап ұшып қайтады. Бүгінде солай болды. Рауандап таң атысымен аталық қыран жемтік іздеп көк аспанға көтерілді. Аналық бүркіт ұя маңында қалды. Ұя маңынан ұзамай биікте қалықтады. Қалықтап ұшып төменді шолуда. Қыратың қырағы көзі ұя төңірегін бақылай отырып, жорытқан жемтік көріне қалса іліп әкетуге дайын. Осындай бір мезетте қырағы жанарға сай табанына жоғары қарай жылжып келе жатқан қара шұбар жылан ілінді. Ұзындығы құлаш келетіндей шұбар жылан жаймен қиялай жылжып келеді. Мұндай жағдайдың талайын көрген кәнігі Қыран көк төсінен шола қарап, бақылай бастады. Әуелгіде қиялай жылжып биік шоқының біраз жеріне көтерілген шұбар жылан, құз басындағы құс ұясы орналасқан тұсқа қарай, төтелей жылжиды. Биік құзға өрмелеу оңайма, баяу жылжып келеді. Шың басына өрмелеген жылан да шығады деген осы болса керек. Жоғарыдан жіті бақылап, қалықтаған қыранды ашу қыса бастады. Енді оңтайлы сәтті өткізіп алмай, іске кірісу керек. Шұбар жылан кедір-бұдыр жерден өтіп жалтыраған көлемді тақта тастың үстімен жылжи бастады. Осы бір сәт қимылы ширақ қыран көкке көтеріліп алды да, төмен қарай құлдырап сырғыды. Жыланға жақындай беріп, қанатын жайыңқырады да қос аяғының қарулы тырнақтарынан жыланның басына таяу тұсынан сығымдай қысып, шапшаң қимылмен іле көк аспаңға көтеріліп кетті. Қыранның қарулы тырнағында салбыраған жылан шұбатылған құйрығын сабап келеді. Оныңда өліспей беріспейтін түрі бар. Шұбатылған құйрығын қыранның топшысынан асыра лақтырғысы келеді. Бірақ әбжілде қарулы бүркіт бұған мүмкіндік берер емес. Тұла бойы талмай тұрған кезде шұбар жылан барынша әрекет қылуға тырысуда. Енді бір сәтте жылан ширатыла ширатыла ұзын құйрығын Қыран топшысының үстінен асыра серпіле лақтырады. Жауыз осы Қыранды орап алып, қысып тұншықтырмақ ниетте. Жылан құйрығын топшыдан асыра іліндірді. Бірақ ары қарай түсіре алмады. Топшысына ілінген жылан құйрығын байқаған Қыран қарулы тырнақтарымен жыланды қатты сығымдап қыса бастады. Болат тұяқтардың қысымынан талмаусыраған жылан құйрығы Қыран тапшысынан сусып түсіп, төмен қарай салбырап кетті. Енді шұбар жыланды тырнақта көп ұстаудың қажеті шамалы. Сөйтті де, аяқ астынан кездесіп, көк аспанда арпалысқан дұшпанан сонау биіктен төмен қарай тастап кеп жіберді. Қалықтап тұрып қырағы жанарын төменге қадады. Бүркіт тырнағынан босаған шұбар жылан сол бойдан келіп тасқа соғылып қимылсыз қалды. Кеудені ерен ерлік билеген тау мұзбалағы бір-екі рет саңқылдап алды да, самғай ұшып шырқау биікке көтеріліп кетті.

Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ.



Әдебиет сөз өнері, тарих-айнасы



Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасын жүзеге асыру мақсатында жас ұрпақты рухани және интеллектуалдық дамыту құралы ретінде кітап оқуға баулу жолдары тақырыбында облыстық аймақтық тәжірибелік семинары өтті.

Семинарға Түркістан, Сауран, Кентау, Бәйдібек, Созақ аудандары кітапхана ісі әдіскерлері, жалпы білім беру ұйымдарының кітапхана меңгерушілері, кітапханашылар қатысты.

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында жасалған «Әдебиет сөз өнері, тарих-айнасы» атты кеңейтілген кітап көрмесімен кітапханашы Айгерім Бөбеева таныстырып,

ойын жүргізді.

Семинардың ашылу салтанатында мектеп директоры Т.Бекқұлиев, облыстық білім беруді дамыту орталығының әдіскері А.Темірбаева сөз алып, облыстық семинарға сәттілік тілеп, кітапханашыларға шығармашылық талағай табыс тіледі.

Сонымен қатар, Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана меңгерушісі Зәуре Әлімжанова Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай, «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасынан сахналық үзінді көрсетіп, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Нұршайықов жайында біршама мәліметтер айтып өтті.

Созақ ауданы мектеп кітапханашылары семинар

барысында үздік кітап таныстырылымымен А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана меңгерушісі З.Мыңжасарова, психологиялық сергіту сәтін аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері Ж.Ерденева, танымдық сағатпен Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің кітапханашысы А.Айдарбекова, әдіс алмасу бойынша Қ.Кемелұлы атындағы жом кітапханашысы Г.Рыстыбаева, ойын сабақпен А.Сүлейменов

атындағы жом кітапхана меңгерушісі А.Дүрменова, шебер сынып бойынша А.Иманов атындағы жом кітапханашысы Ә.Исатай, кітапханашыға инновациялық көмек бойынша Т.Әлімқұлов атындағы №14 интернат-лицейінің кітапханашысы М.Жаныбекова өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Семинар соңында облыстық білім беруді дамыту орталығының әдіскері А.Темірбаева қорытындылап, семинар өз дәрежесінде өткендігін айта келе, кітапханашыларға шығармашылық табыстар тіледі.

**Зәуре ӘЛІМЖАНОВА,
Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана меңгерушісі.**

Жүлде қоржынымыз қос қола медальмен толықты

Жақында Ұлттық спорт жекпе-жектер ересектер арасында Қазақстан Республикасының Кубогі болып өтті. Еліміздің өңір-өңірлеріне кіл мықтыны жиған айтулы додаға 300 ден аса спортшы қатысып, бақтарын сынады. Әдеттегісінше, Қазақстанның кіл мықтысын анықтайтын байрақты бәсекеге ауданымыздың атынан Мұхтар Қиясбаев жаттықтырып жүрген үш бірдей жекпе-жекшіміз барып өнерлерін көрсетті. Қайткенменде, жарыс болған соң жеңіпаз болған жерде жеңілістің ащы дәмін татушылардың болуы да заңдылық. Сонымен, ару қала Алматыға облысымыздың атынан қатысқан үш бірдей спортшымыздың екеуі: Бейсенбі Қадір (61 кг салмақта) мен Бимахан Нұрдәулет (57 келі салмақта) 8 бұрышта күш сынасып, екіншіше орай жартылай финалда қарсылас-тарына есе жіберіп алды. Ал, Жа-



манқара Нұрдәулет 53 кг салмақ дәрежесінде жекпе-жекке шығып, жасы бар болғаны 18 екендігіне қарамастан, өзінен үлкен азаматтармен салысып, турнирдің қола медаль жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ, Ақмола облысы, Бурабай ауданының орталығы Шучинск қаласындағы «Бурабай» демалыс орынында да сол Қазан айының 11-13 күндері «ГАММА ММА» дан Қазақстан Республикасының Чемпионаты болып өтті. Курортты қалада өткен ел чемпионаты-

на облысымыздың атынан Бейсенбі Қадір есімді жекпе-жекшіміз қатысып, «Elite M» бойынша қола жүлдені иеленді. Нәтижесінде, Жаманқара Нұрдәулет те Бейсенбі Қадір де ауданымыздың жүлде қоржынын қола медальдармен толықтырып қайтты. Ендеше, облысымыз бен ауданымыздың намысын қорғап, қола жүлделерді иеленген қос оғланымызға және оларды осындай байрақты бәсекелерге баптап апарып жүрген Мұхтар Қиясбаевқа өткен еңбектерің жансын, осылай ауданымыз бен облысымыздың, қала берді еліміздің намысын Азия мен Еуропа және Әлем чемпионаттарында абыроймен қорғап, қола ғана емес, алтын және күміс медальдарға да қол жеткіздіңдер деп, редакциямыз бен оқырмандарымыздың атынан тілеу-лестігімізді білдіреміз!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Туған өлке



Төрт түліктің құт мекені

Теріскей алқабында жатқан сайын дала Созақ өңірінің тарихы тым тереңде, сол тарих шиырлаған сүрлеу соқпақтарда Жуантөбе атырабының алар орны бар. Сансыз әскер қолдары осы Жуантөбе өңірін басып өтіп, Тасты бекінісіне сан мәрте соғып өткені тарихтан белгілі. Арғыбет, Жымықы, Алшын атауларының да тарихтан алар орны ерекше. Жуантөбенің Шу арнасының екі қапталын қатар қоныстанып жатқан Арғыбетке 1946 жылдары 60 шаңырақ көшіп келіп қоныстанады. Ал Жымықы болса бұл сол уақыттардағы ру басқарған белді, бақуатты кісінің атымен аталған жота. Онда сол кісі жерленген деген аңыз әңгіме бар. Мінеки, әр құмын тұртсең тарихтың ақтаңдақ сұлбасы көрінер Жуантөбе топырағы аңыз бен ақиқатқа толы өңір. Жуантөбе ауыл әкімшілігінде Жуантөбе, Қоңыратарық деген екі елді мекен бар. 1948 жылы №3 ферма құрылып оған Ақышбек, Тоқсейт, Қыстау, Әбілда, Мақсұт, Ақжарқын, Сыздық, Мусин, Айдар, Рақым деген кісілер алғаш қоныс тепкен еді. Жуантөбе ауыл әкімдігі бойынша ҰОС қатысқан адамдар саны 11, қайтып оралғаны 11. Жуантөбе ауылында әйгілі күйші Төлеген Момбековтің ағасы ақын Жәнібек Момбеков мал шаруашылығында ұзақ жылдар еңбек етті. Көптеген шығармаларын осы ауылда жазып, мәңгілік жырдың мекеніне айналдырды. Совхоз мал шаруашылығын өркендету жолында уақытпен санаспай еңбек етіп 1967 жылы совхоздың №2 ферма 100 бастан 150 төл алса, 1974 жылы осы №2 ферма 100 бас аналықтан 157 қозы алып зор жетістікке жетеді. Озат шаруашылық өкілі ретінде, Бейсенбиев Нахан мен Мусин Башенов (ВДНХ) халық Жетістіктерінің көрмесіне қатысып, алтын медаль тағып қайтады. Барған, 10-15 ауданның ішінде алғашқы орында болған. Малшылар қауымына келсек, еңбек ер атандырады демекші сол жылдары Үркінбаев Жаңбырбай, Нұртазаев Қали, Үкенов Құдайберген, Мейрманов Абылай, Әзімбаев Жылқыбек, Әбілдаев Шубай, Жаңабаев Әбілда, Белхожаев Жүмаділда, Белхожаев Әбдірайхан, Айдар Қойшы, Біржанов Сақтаған, Сәрсен Сүтемен, Қоңырбасов Тәңірберген, Омаров Қожақ, Бейсенбиев Нахан, Табынов Құтжан сияқты еңбек озаттары совхоздың мақтаншыларына айналды. Совхоздың құрылысшылары: Қазығұлов Иманбай, Төлендиев Пәринтай, Қабаев Елеу, Көлшікбаев Сұлтанбай, Қияқов Нұрғали сияқты ағаларымыз мал отарларындағы ауыл ішіндегі тұрғын үйлер мен жайылымдардағы қора-қопсыларды жөндеп, осы ауылдың орнығуына ерен еңбектерін көрсете білді.

Кәріпбаев Әби, Керімбеков Дуанбек, Өксікбаев Тұрғанбай, Қаламбаев Ерубай, Жаманбалаев Әкәтөре, Үкенов Смағұл, Сығалаев Әбдіразақ, Сүйіндіков Ералы, Төленов Тоқсейт, Бектеміров Байжан сияқты механизатар ағаларымыз уақытпен санаспай күннің аптапты ыстығы мен ызғарлы суығында мұздай темірлерді қолымен қарып ұстап нағыз еңбек адамдарына тән ерліктің сан тарау үлгісін жасады. Одан беріде халық санының артуына да жуантөбелік аналар өз үлестерін қосып келді. 1994 жылы халық ескі мен жаңа жүйенің ортасында қалып, қиыншылықтар мен дағдарысты жылдарды бастан кешірді. Сол күндерге сәл ғана шегіні жасасақ, аудандық халықты әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі бағдарламаға сәйкес 1995 жылы шаруашылықтар есебінен әртүрлі категориядағы әрбір азаматқа 50 кг картоп, 40 кг пияз, 20 кг сәбіз, 10 кг бидай, 1 т шөп, 1 тонна сүрлеммен қамтамасыз ету міндеті жүктелсе, сол міндеттімені Жуантөбе ауылы асыра орындады деп көрсетілген газетті бүгінде облыстық мұрағаттан оқи аласыз. Жүдеген халыққа сәл болса да септігі тисін ниетпен осы жылдары ауыл ішінде «Имандылық» қоры құрылды. Оның президенті болып, бүгінде аудандық мәслихаттың бірнеше мәрте депутаты болған, ашық қолды азамат Жанұзақов Сатыбалды сайланған еді. Сол қиын-қыстау кезеңде бұл қордың халыққа жәрдемі молынан тиегінін бүгінде көзі тірі ауыл азаматтары ұмытпақ емес.

Мал басын көбейту, ауылшаруашылығын дамыту мақсатында Жуантөбе ауылы ауданның әлеуметтік экономикалық жағдайына сүбелілесін қоса білді. 1993 жылы мал азығын 120 пайыз орындаған. Жуантөбе ауыл әкімдігі бірінші орын (1 түйе) алған болатын. Ал 1994 жылы 26 маусымда мал азығын 108 пайыз орындаған. Жуантөбе ауыл әкімдігі үшінші орын (1 қой) иеленді. 1993-1994 жылы шығын бермеген түйешілер Н.Үкенов, А.Жанділдаев, Р.Өтегенов, А.Имашов аудан әкімдігінің алғы хаттары мен бағалы сыйлықтарына ие болды. Дағдарыс жағадан алған уақытта халықтың ауызбіршілігі мен ынтымағы бір сәтте босаңсымаған еді. Мысалы, 1995 жылы қиыншылықта бір азаматтың жиылып қалған зейнетақы төлемі 14550 теңгені шағып, малға есептегенде 8 қой, 70 қозы есебінде жым есебінен берілгені бар. Ауыл тұрғындары қолдан сабын жасауды үйренді. Тары, бидай талқан түйді. Түрлі жеміс-жидектермен, бақшалық өнімдерден банкі жапты. Қолғап, шұлық, түрлі орамал, түйе жүнінен кеудеше, шалбар тоқып ауыл азаматтары дағдарыстан шығудың жолдарын

іздеді. Қой, ешкі терілерінен күртешелер тігіп, өнерлі ісмер азаматтар өздерін, көршілері мен ауылдастарын қамтамасыз етті. Аудан орталығында өткен жәрмеңкелерге апарып аудан жұртшылығының назарына ұсынды. Осы жылдар ішінде мектептерде оқушылар да сапалы білім алып, түрлі отбасылық, әлеуметтік қиыншылықтарға қарамай сабақтарын жақсы деген бағаға оқыды. 1995 жылы 21 маусымда аудан әкімінің №273 қаулысында озат шопандар тізімі жеке-жеке көрсетіліп, оларды 23-24 маусымда Марданда өткен малшылардың аудандық жиынында марапатталды. 1995 жылы 23204 аналық бастан 24968 бас төл алынды. Оның

110212 басы асырауға қалдырып 13955 елтірі ретінде мемлекетке өткізілді. Жоғары көрсеткіштер көрсеткен №1 Қ.Сығалаевтың фермасы 5445 саулықтан 6131 қозы алып ауданда үшінші орынға ие болды. Тұсақ отарлар арасында 1 орын аға шопандары Мұқаш Әуелбеков 1995 жылы әр жүз саулықтан 125,1-ден төл алып, оның 68%-ын асырауға қалдырып көш бастаған еді, Түйе өсіруде Шубай Имашов аға түйеші 204 бас табандағы түйеден 61 інгені боталап, әр жүз інгенге шаққанда 88,5 ботадан айналып, 100 пайыз аман сақтап, 1 орынды иеленді. Мардан елді мекенінде өткен шопандар тойында марапатқа ие болған Жуантөбелік еңбек озаттары: Ерсейітов Жанұзақ, Әлдекеев Сахан, Алмасаев Айткелді, Сәрсенов Серік, Әуелбеков Мұқаш, Мизанбаев Беспай, Байдүйсенов Бекен, Жорабеков Тұрарбек, Сайранбаев Әліпбай, Сәрсенов Сайрам, Толмыбеков Қызыбай, Хасанов Бейбіт, Жапабаев Төрекеді, Отаубаев Жексен, Ахатов Бекзат, Әбденов Қабылды, Сәулетов Олжабай, Бейсенбиев Әбілқасан, Қоңырбасов Құлжабай аға-кекелеріміздің есімдері ел алдында аталып өтіп, зор құрмет биігінен көрінді. 1996 жылы «Жуантөбе» өндірістік кооперативінде 13784 майда мал оның 57,2% аналық бас болды. Тәуелсіздіктің 31 жылы ішінде Жуантөбе ауылында 2000-нан астам адам бар 424 отбасы тұрады. Тәуелсіздік жылдары ішінде ауылда 250 орынды бір мектеп, бір ауылдық аурухана, бір фельдшерлік акушерлік пункт, бір ауылдық клуб, бір кітапхана, бір пошта бөлімшесі, телестанса, халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отырған бір мқнай айдау стансасы жұмыс жасап келеді. Президентіміздің басым бағыттар беретін жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде биік белестерді бағындыруға ат салысып келе жатқан ауыл әкімдігінің жеткен жетістіктерін анамалап шықсақ уақыт жетпесі санық. Әрине, бүгінгі таңда жеткен жетістіктеріміз көңілімізді тоғайтып, мерейімізді үстем етеді. Міне, бүгінгі Тәуелсіздігіміздің ақ таңы аталған 31 жылдық мерейлі мерекесін қарсы алғалы отырмыз. Бұл игілікті істің құраушысы, жақсылықтарымыздың жаршысы Ұлы Тәуелсіздігіміз десек артық айтқандық болмас. Тағдырымыз таңбаланған, Алла тағаланың зор жәрдемімен келген ұлық мерекеміздейікті істердің басынан ұйымшылдығымызбен татулық, береке-бірлігімізбен басымызды қоса берейік!

Гүлнар НАСЫРЛАЕВА,
Кентау өңірлік мемлекеттік архивінің архивісі.

ЕГЕМЕНДІК
ЕЛДІГІМІЗДІҢ
БІРЛІГІ

Тәуелсіздік-ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген киелі күні. Конституциялық Заңнан бастау алған Тәуелсіздігімізге биыл 31 жыл толады.

Тәуелсіздік-ол ұлттық мемлекеттік, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Олай болса, өміршеңдік пен кемелділік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халқы жаңа әлемнің жаңалықтарына ұмтыла бермек.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде қазақ елінің бағындырмаған белесі, алмаған асуы жоқ десек те болады. Бүгінде Қазақстанның экономикалық табыстарын әлемдік қауымдастық толық мойындап келеді. Ғылымның және инвестициялармен халықты тарту орталықтарына да айналмақ деген тұсы бізді қуанытып отыр. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларындағы маңызды тақырып ол –денсаулық пен білім мәселесі. Өркениетті елдердің барлығы алдымен денсаулыққа, сапалы жаңа технологияларға ерекше мән береді. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз-белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар.

Әлемдік дағдарысқа қарамастан білім саласы, денсаулық саласы, сондай-ақ студенттердің стипендиясын көтеру, ел экономикасының тұрақтануы мемлекет басшысының сындарлы саясатының жемісі деп білеміз.

Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама.

Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті,- деді Президентіміз өз Жолдауында.

Біз тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қаншама қиыншылықтарды басымыздан өткіздік, енді осы тәуелсіздігімізді қадірлеп қастерлеп, халқымыздың әл ауқатын жақсартуға, экономикасын ары қарай көтеруге, мемлекетіміздің гүлдеп жайнауына, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында аянбай еңбек етуіміз қажет. Мен білім алатын Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстандағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. Университет жаңа, заманауи үлгідегі түрлі құрал-жабдықтармен жабдықталған, кітапханасы, асханасы, оқу залдары, білім беретін аудиториялар мен лабораториялық бөлмелер, интернет желісіне қосылған соңғы үлгідегі компьютерлер, жылы суы мен ыстық суы бар, жанға жайлы жатақханасы бар озық үлгідегі оқу орны. Алғаш әсем қала Алматыға аяқ басқанымда асқақ арманмен келген едім. Сол алғашқы арманым орындалып студент атандым. Менің білім алып жатқан оқу орным 37 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орны ғана емес, ол ғылыми зерттеу оқу орталығына айналған. Біздің заң факультетінде Қазақстанның болашақ кәсіби мамандары даярланады. Ұстаздарымыз көптеген заң саласындағы биік жетістіктерге жеткен білімпаз мамандар. Олардың кәсіби біліктері жоғары. Және сол білімдерін бізге сарқа жұмсап келеді. Университеттің асқақ абыройы асқақтап әлемге тарады. Сондықтан да бізде шетелдік студенттерде алыстан ат арытып келіп білім алуда. Жоғарыда жастарға жасалып жатқан сол игі бастамалар тәуелсіздігіміздің арқасы десек те болады. Бізге ендігі сәтте сол тәуелсіздігімізді нықтап, түбегейлі сақтап қалу үшін білікті білім, тәлімді тәрбиемізді өнеге етуіміз керек. Университеттен қажетінше білім алып Егемен еліміздің одан әрі өркендеп дамып, алдыңғы қатарлы мемлекеттер легінен көрінуі үшін жастық жігеріміз бен батыл қадамдарымызды жұмсау перзенттік парызымыз болмақ.

Әбжан ӘБДИҚАДІР,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінің 1 курс студенті.
Д.ТҮРСЫНҚҰЛОВА,
Заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Ғылыми жетекші.

Мерекелі де берекелі күз мезгілі-молшылық, байлықтың айы. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп жатыр. Бейне бір жерге сары кілем төсеп тастағандай. Алтын түске боялған күзде балалар мектеппен қауышады. Адамдар екен егіндерінің жемісін көреді. Егін теріліп, қамба астыққа толады. Күзде жан-жануарларда қыстың қамына кіріседі. Күн суыта бастағанда, құстарда жылы жаққа ұша бастайды. Күз мезгілі қыстың жайттары толы, нағыз еңбектің қайнайтын кезі. Далада қоңыр күз болса да, адамдардың көңілдері жадыраққы. Өйткені, барлығы ырысы мен берекесін алып



рының дамуына ықпал ету. Ата-аналар қауымымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру болып табылады.

Шарада бүлдіршіндер өздерінің өнерлерін ортаға салып, ән айтып, би билеп, ертеңгіліктің көркін кіргізді.

Ата-ана ретінде айтқым келгені, «Айшуақ» бөбекжай-балабақшасы әрдайым түрлі шараларды өте жоғары деңгейде өткізіп, әрбір жиынға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Балабақшаның басшылығы мен ұжымы өз істеріне өте жауапты мамандар десем артық айтпаған болар едім. Осы шарада ерекше дайындықпен жұмыс жасаған тәрбиешілер Мадина

Ерекше өткен ертеңгілік



келген алтын күзге риза.

Осы бір керемет жыл мезгілінің ерекшелігін кішкентай бүлдіршіндерімізге де ұғындыру, үлкендердің парызы деп білеміз. Сол себепті, еліміз бойынша барлық балабақшаларда күз мезгілінде түрлі іс-шаралар өтіп жататыны белгілі. Сондай шараның бірі жуырда аудан орталығы Шолаққорғанда орналасқан «Айшуақ» бөбекжай-бала-

бақшасында «Алтын күз—әсем айнала» тақырыбымен ертеңгілік өтті.

Ертеңгіліктің мақсаты күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл — күй орнату. Балаларды ән салуға, би билегуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой-қиялда-

Мағзұмоваға, Жазира Демеске, Мадина Жансейітқызына арнайы рахмет айтқым келеді. Балабақша ұжымының жұмысына табыс, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілеймін!

**Бақытгүл БИФОНДИЕВА,
Н.Төреқұлов атындағы
ІТ мектеп-лицейінің бас-
тауыш сынып мұғалімі.**

БЖЗҚ Сұраңыз, жауап береміз

-Сәлеметсіз бе! Мен - Ресей азаматымын. Бірақ геосаяси жағдайға байланысты Қазақстанда тұрып, жұмыс істеймін. Егер мен өз азаматтығымды өзгертпесем, зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі қалай шешіледі?

ЕАЭО туралы 29.05.2014 жылғы Шарттың 98-бабының 3-тармағына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбеккерлері мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы жекелеген халықаралық шартқа сәйкес реттеледі. Мұндай халықаралық шарт 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру

туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісім (бұдан әрі-Келісім) болып табылады.

Келісімнің негізгі мақсаты - ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарымен бірдей шарттарда және тәртіппен қалыптастыру. ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыру құқықтарының көлемін өз азаматтарына ұқсас шарттарда ұсынуға кепілдік беруге тиіс.

Осылайша, егер Сіз Ресей Федерациясының азаматы ретінде Қазақстан аумағында еңбек қызметін Қазақстанның жұмыс берушісімен жасалған еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде уақытша жүзеге асыратын болсаңыз, онда жұмыс беруші табысыңызды есептеу кезінде зейнетақы журналарын (МЗЖ/МКЗЖ) ұстап қалып, БЖЗҚ-ға аударуға міндетті. Бұл ретте МЗЖ және МКЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттары (ЖЗШ) жұмыс берушіден БЖЗҚ-ға МЗЖ/МКЗЖ-ның бастапқы сомасы түскен кезде автоматты түрде ашылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Кәсібің-нәсібің

Әркім өз кәсібін меңгере білсе, сол бақыт

Әрбір азамат өз мамандығын жетік меңгеріп, сол кәсібінің үдесінен шыға білсе қоғам айшықтала түсер еді. Біз әңгіме-мізге арқау еткелі отырған азамат аудан орталығындағы малдәрігерлік дәріхана иесі Зейнәбілұлы Сағи деген азамат. Сағи жоғары білімді мал дәрігері. М.Әуезов атындағы университеттің 2017 жылғы түлегі. Тәуелсіздік таңында еңбекке араласқан маман. Алыс-жақын ауылдардан Сағиды іздеп келетін, оның көмегіне зәру, адамдар малды кәсіп еткендер. Шаруашылығындағы азды көпті төрт түлігінің ем-домымен Сағиға жиі келеді. Ауылдың шет жағында тұрса да мал дәрігерді өздері іздеп тауып алады.

Жақында Сағидың дәріханасына арнайы іздеп бардым. Дәріханада мысық, күшіктердің егу жұмыстарынан бастап төрт түліктің түгеліне қажетті дәрі-дәрмектер барын көрдім.

-Мен мал дәрігері мамандығын мектеп қабырғасында жүріп қаладым. Бұл жануарлар жағдайында айтардай тіл жоқ дейміз. Бірақ жануарларды сыртқы тұрпаты және клиникасы арқылы бағалауға (диагноз) болады. Жақында тағы бір шаруаны іске қостым. Ол аудандағы мал ұрлығына, ағайын арасындағы малға қатысты дау-жанжалға тосқауыл болар деген үмітпен суық әдіспен (холодный метод) таңбалауды бастадым. Құлаққа салған енді кез келген арам ниетті жандар бұзып, өзгертіп ала береді. Ал азот арқылы жамбасқа, алдыңғы жауырыңға таңба басу ең қолайлы әдіс. Бұл әдіс біршама уақыттан кейін ағарып түлік өлгенше денесінде қала береді. әрі мал денсаулығына аса зияны жоқ. Тез жазылып кетеді. Бұл әдістің қылмыстың алдын алуға мол септігі тиері анық. Бір азамат осы әдіс арқылы таңбалатып, кейін жоғалған малын тауып алып өз ризашылығын білдірді. Таңбаланған малды нөмірлеп кітапқа тіркеп қоямын. Қай күні келді?, қандай нөмір жазылды? иесі кім?- барлығы кітапта тұрады. Мал иесі өзгелермен дауға келген жағдайда келіп, кітапты көріп өз малына ие болуына мүмкіндігі бар,- дейді жаңашыл жас маман Сағи Зейнәбілұлы. Расында дәріхананың бұрышында тұрған үлкен ыдысты көрдік. Онда өте төменгі температурадағы азот ерітіндісін, түрлі құрал-саймандарды байқап маманның ойға алған ісіне мықтап кіріскенін байқадық.

Сонымен қатар, бізде күшіктердің көп ауыратыны белгілі.



Күшік ауырған жағдайда да оны емдеп алуға болатынын білдік. Сол жолы күшігін әкелген Болат есімді бозбала жігіттің ұялы телефонын жазып алдым. Арада бір апта өткенде Болатпен хабарласып едім. Ол бір апта бойы малдәрігері берген ем-дом арқылы күшігінің қатарға қосылғанын айтты.

Өзінің айтуынша осы күнге дейін ауылдар мен елді мекендерден келген көптеген тұрғындардың әжетін шығарып, қол ұшын созғанын мақтанышпен айтады. «Шымшықты сойса да қасапшы сойсын» деген мақал-мәтел тегін айтылмаса керек. Кейде ауырған малға, басқа да жануарлардың аузына пісте май, арақ, құйып өз бетімізше ем-домдап жатамыз. Негізі оқыған, көзі ашық маманға жүгінгеніміз абзал болар еді. Біз танып-білген Сағи осындай елге шарапаты тиген қолы шипалы жан. Жас маманға елдің алғысы мен ақ батасына кенеле бер дейміз.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңісбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.